

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен \_\_\_\_\_ <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптармен Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық

іс-әрекеттерін орындау үшін жұмысты орындау туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

2) Жұмыстар - Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген, заттық мәні бар

іс-әрекет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстар санатына жатқызылған басқа да іс-әрекеттер;

3) Материалдар - Жеткізуші Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын, Жеткізуші өз есебінен және өз күшімен сатып алатын және жеткізетін барлық қажетті шығын материалдары, бұйымдар, жүйелер, жабдықтар мен құрылмалар.

1.4. Жұмыстарды орындау мына мекенжайлар бойынша жүргізіледі:

- Алматы қаласы, «Көктем-3» ш/а, 21-үй;

- Сәтбаев көшесі, 30/8, №163 т.е.ү. (бұдан әрі - Объект).

## 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_ теңге \_\_ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Қызметті тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізушіден белгіленген тәртіппен ресімделген шот-фактураны (электрондық шот-фактура) алған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде және қос Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған көрсетілген Қызметтер актісі (бұдан әрі - Акт) негізінде жүзеге асырады.

Ақы төлеу Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электрондық шот-фактураны, төлеуге арналған шотты және Актіні ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Электрондық шот-фактураны, төлеуге арналған шотты және тиісінше ресімделмеген, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетілген Актіні ұсынған кезде Тапсырыс беруші оларды төлемсіз қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электрондық шот-фактураны, төлем шотын және Актіні ұсынған сәттен бастап есептеледі. Бұл ретте Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын салуға құқығы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің

резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимилді байланыс және/немесе басқа да тәсілмен алынған құжаттардың заңдық күші бар және Тапсырыс беруші оларды кейін 5(бес) жұмыс күні ішінде (Тапсырыс беруші қаласынан тыс жерде орналасқан жеткізушілер үшін) түпнұсқасына ауыстыра отырып қабылдайды.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізуші орындаған Жұмыстарды *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге міндеттенеді.
- 4) Жеткізуші қызметкерлеріне Объектідегі рұқсатнамалық және объектішілік режимдер бойынша нұсқау беруге міндеттенеді.

#### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;

- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған Жұмыстардағы кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, кемшіліктер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмыстарды ішінара немесе толық қабылдаудан бас тартуға және Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, Актіге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.
- 8) Жеткізушіден Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

### **3.3. Жеткізуші:**

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Акт негізінде тапсыруға;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарда, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде ақауларды (оның ішінде жасырын) анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді** .

10) Жұмыстарды орындау кезінде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да белгіленген қазақстандық стандарттарға, Қазақстан Республикасында осындай түрдегі материалдарға қатысты қолданылатын талаптарға, нормалар мен қағидаларға жауап беретін жаңа жоғары сапалы материалдар мен жабдықтарды пайдалануға;

11) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Тапсырыс берушінің жабдығының, материалдарының және/немесе мүлкінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелін көтеруге және Тапсырыс берушіге залалды өтеуге;

12) Жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде ғимараттарға ұқыпты қарауды және Объектінің аумағын абаттандыруды қамтамасыз етуге, Жұмыстарды орындау құралдарына, әдістеріне, техникасына, жүйелілігі мен сапасына толық жауапты болуға және бақылауға;

13) Шартта көзделмеген Жұмыстардың қосымша түрлері мен көлемдері туындаған жағдайда, оларды келісу және Шарттың жалпы сомасы шегінде орындау үшін Тапсырыс берушіге бұл туралы жазбаша және уақтылы хабарлауға;

14) кепіл берушінің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы қос Тараптың уәкілетті тұлғалары Актіге толық көлемде қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде материалдар мен орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік беруге;

15) Жұмыс басталғанға дейін олармен таныстырылған Объектіде Тапсырыс беруші белгілеген режимдік талаптарды орындауға;

16) қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын қызмет түріне рұқсат беру құжаттарын (лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін не Жұмыстарды орындау құқығына арналған электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі лицензияны, егер қызмет міндетті лицензиялауға жататын болса) тапсыруға;

17) Тапсырыс берушіні тартпай өз қаражаты есебінен Тапсырыс берушіге зиян келтіру не Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Жеткізушінің кінәсінен бұзушылықтарға жол беру нәтижесінде қойылатын үшінші тұлғалармен (үшінші тұлғалардың талаптары және/немесе талаптары) даулы мәселелерді дербес шешуге;

18) Объектіге жіберуді қамтамасыз ету мақсатында Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қызметкерлердің жеке деректерін көрсете отырып, олардың тізімін беруге;

19) егер Тапсырыс беруші Объектідегі Жұмыстарды орындаудан Жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды шеттетуді сұраса, бұл ретте объективті себептерді көрсете отырып, бұл адамды объектіден 72 (жетпіс екі) сағат ішінде алып тастауды сұрайды, содан кейін бұл адам Шартта көзделген Жұмыстарды орындауға тартылмауға тиіс;

20) Шарт бойынша, оның ішінде ақауларды жою жөніндегі міндеттемелерді орындамауға не тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды дербес көтеруге;

21) Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін Объектіні Жұмыстарды орындауға байланысты қалдықтардан жинауға, сондай-ақ Объектіден қоқысты өз есебінен және өз автокөлігімен шығаруға міндеттенеді.

### **3.4. Жеткізуші:**

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын

Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.

4) Шарт бойынша Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға, оны Жұмыстарды орындаудың болжамды аяқталу күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын жазбаша хабардар етуге және Тапсырыс берушіге Акт бойынша тапсыруға;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы.

#### **4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ**

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайды.

4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Көктем-3» ш/а, 21-үй, Сәтбаев көшесі, 30/8, № 163 тұрғын емес үй-жай.

4.3. Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күн Жұмыстарды орындау күні болып табылады.

4.4. Жұмыстарды Жеткізуші өз материалдарын, бұйымдарын, құрылмалары мен жабдықтарын, өз күші мен құралдарын пайдалана отырып орындайды.

4.5. Жеткізуші Шартта көзделген Жұмыстарды орындағаннан кейін бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлайды және оған қол қою үшін тиісті Актіні жібереді.

4.6. Тапсырыс берушіде орындалған Жұмыстар бойынша Жеткізушімен ескертулер және келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тараптың жауапты тұлғалары Актіге қол қояды.

4.7. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған кезде, орындалған Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жазбаша түрде жібереді, ал Жеткізуші бұл туралы Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптардың жауапты тұлғалары Актіге қол қояды.

4.8. Жеткізуші орындалған Жұмыстарды тапсыру-өткізуден кемінде күнтізбелік 1 (бір) күн бұрын өз есебінен және өз күшімен өзіне тиесілі құрылыс материалдарын, Жұмыстарды орындауға тартылған құрылыс машиналары мен механизмдерін және басқа да мүлікті шығарады, сондай-ақ құрылыс қоқыстарын Объектінің аумағынан алып шығады.

#### **5 . КЕПІЛДІКТЕР**

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған Жұмыстарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші анықталған ақаулар туралы Жеткізушіні олар анықталған күннен бастап дереу жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған Жұмыстарға берілетін кепілдік мерзімі Тараптардың Актіге қол қойған күнінен бастап 12 (он екі) айды құрайды.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік

болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - Қызмет көрсету күнін қоса алғанда, әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1%, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде - ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5%-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

- кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге және Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерге сәйкес Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлеген соманы қайтаруға міндеттенеді.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап басқа Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алынған құпия ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.7. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекеті

ақпаратты ұсынады.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.9. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға

құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты

болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## 11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## 12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

## 13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## 14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

**Тапсырыс беруші атынан**

\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

**Жеткізуші атынан**

\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал зақунок Национального Банка Республики Казахстан

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

